

**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға
(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы
іс-қимылды (КЗжТҚҚІ) ұйымдастыру мәселелері бойынша
"Қазақстан қор биржасы" АҚ клиенті сауалнамасын таңдау үшін
ТҮСІНДІРМЕ**

Сауалнамалар "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды орындау үшін әзірленген және бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларына арналған.

Толтыруға арналған сауалнаманы жіберу бастамашысы компанияның түріне қарай таңдайды:

№ р/с	Сауалнама	Қандай компания үшін
1.	№ 1 сауалнама	<ol style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ, оларды бақылауды¹ мемлекеттік органдар жүзеге асыратын, заңды тұлғалар; Мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 % ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, заңды тұлғалар; Екінші деңгейдегі банктер, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары – Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ акциялары шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ұйымдар; Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан немесе, Қазақстан Республикасы соның қатысушысы болып табылатын, халықаралық ұйымдар
2.	№ 2 сауалнама	Осы кестенің 1 тармағында көрсетілмеген, компаниялар
3.	№ 3 сауалнама	Биржаның сұрауы бойынша толтырылады ²
4.	Шетелдік қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – ШҚҰ) № 1 сауалнамасы	Акциялары шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, ШҚҰ
5.	ШҚҰ № 2 сауалнамасы	Осы кестенің 4 тармағында көрсетілмеген, ШҚҰ
6.	ШҚҰ № 3 сауалнамасы	Биржаның сұрауы бойынша толтырылады ²

Басқа бағалы қағаздардың листингі мақсатында құжаттарды беретін жұмыс істеп тұрған листинглік компания немесе бағалы қағаздар оның бастамасы бойынша биржаның ресми тізіміне енгізілетін (жіберілетін) Биржа мүшесі, КЗжТҚҚІ сауалнамасында өзгерістер болған кезде:

- **бестен астам** мәлімет өзгергенде — КЗжТҚҚІ бойынша жаңартылған сауалнаманың түпнұсқасын және ПОДиФТ бойынша сауалнамада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе нотариалды түрде расталған көшірмелерін ұсынады;
- **бес және одан кем** мәлімет өзгергенде — КЗжТҚҚІ бойынша сауалнамада көрсетілген өзгертілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариалды түрде расталған көшірмелерін қоса бере отырып, ресми хат ұсынады.

¹ Мемлекетке заңды тұлғаның акцияларының бақылау пакеті (акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының 50 пайызынан астамы) немесе қатысушының бақылау үлесі (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктегі қатысу үлесінің 50 пайызынан астамы) тиесілі болған жағдайда, осындай заңды тұлғаның бақылауын мемлекеттік орган жүзеге асырады.

² Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды ұйымдастыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсатында Биржаның клиенттен өзге сауалнаманы сұратуға құқығы бар.